

## «Берекелі күз, мерекелі күз!» ертеңгілігі

**Мақсаты:** Балаларды күз әлемімен таныстыру. Күз мезгілінде болатын ерекшеліктерді айтқызу. Балаларды күз ерекшеліктерімен таныстыру. Күз мезгіліне сай ән, тақпақтар жаттатып айтқызу. Әсем әуен ойнап тұрады. Балалар табиғат көрінісімен безендірілген залға кіреді. Қатынасатын кейіпкерлер: Жүргізуші, Алтын күз, Жаңбыр.

**Жүргізуші:** Қайырлы күн! Құрметті қонақтар! Бүгін біздің жыл мезгіліндегі ең тамаша «Берекелі күз, мерекелі күз!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Ортаға «Еркетай» кіші тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар!

**Жүргізуші:** Балалар айналамызға қарайықшы қандай әдемі жапырақтар, сары түске боялған. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінде неше ай бар? Күз мезгілінде ауа-райы қандай болады?

Міне, күзде келді, күн суытып, жаңбыр жауып, жапырақтар сарғайып жерге түсе бастады. Балалар бізге кім қонаққа келе жатқан сияқты? Ол кім болды екен? Ендеше ортамызға күз ханшайымын шақырайық.

**Күз ханшайымы:** Салем балақайлар!

Қандай әдемі болып кеткенсіңдер, тура бір күз мезгілі секілді. Мен сендерге көп сыйлық алып келдім, сыйлық алғыларың келеме? Ендеше мен сендерден тамаша бір ән тыңдағым келеді.

**Тәрбиеші:** Қош келдіңіз Күз ханшайымы! Балалар біз күз ханшайымды төрге отырығызайық. Күз ханшайымы ең алдымен сендердің өнерлеріңді тамашалағысы келеді.

Өнер десе жайнаймыз,

Сандуғаштай сайраймыз.

Алтын күзге арнаған,

Әнімізді шырқаймыз- деп, ендеше балалар, ханшайымға дайындаған әнімізді орындап берейік.

**Ән: «Қолшатыр»**

(Қыймылмен көрсетіп орындайды.)

**Күз ханшайымы:** Жарайсыңдар (мадақтайды)

**Жүргізуші:** Енді кішкентай бүлдіршіндеріміздің тақпақтарын тамашалайық

**1.Айкөркем**

Келді міне күз,

Айнала сары түс.

**2.Әлинұр**

Керемет, тамаша,

Қандай әсем күз.

**3.Батихан**

Жеміс – жидек пісті,

Қамбаға астық түсті.

**4.Рамазан**

Күз байлық береке,

Алтын күз мереке.

**5.Мұхамедияр**

Карашы күз келді,

**Жапырақ жауыпты іздерді.**

**6.Ерболат**

Думан толы асқарлы,  
Күз мезгілі басталды.

**7.Сайын Нұрай**

Жапырақтар сарғайып,  
Сыбдыр –сыбдыр етеді.

**Жүргізуші:** Күз ханшайымы біздің қыздарымыздың дайындаған биін бірге тамашалаңыз.

**Би:** «Жапырақтар»

**Күз ханшайымы:** Жарайсындар қандай тамаша билейсіңдер.

**Жүргізуші:** Күз ханшайымы, балалардың ойнағысы келіп тұр.

**Күз ханшайымы:** Бәрекелді балалар, онда мен сендермен бір ойын ойнап жіберейін.

**«Кім жылдам?» ойыны.**

**Ойын шарты:** Себетке кім жылдам жемістерді жинайды.

**Күз ханшайымы:** Жарайсындар, балалар! Ойынды жақсы ойнайды екенсіңдер!

**Жүргізуші:** Балалар, жел басталайын деп жатыр. Жел өзімен бірге бұлттарды да ала келді. Бұлттан жамбыр болады. Жамбырдың келуі.

**Жаңбыр:** Сәлеметсіздер ме, балалар! Көңіл күйлерін қалай?

**Жаңбыр:** Балалар, мені таныдыңыздарма? Мені кім деп ойлайсындар?

**Балалар:** Жаңбыр!

**Жүргізуші:** Қош келдің, Жаңбыр! Төрлет! Біздің балалар сізге «Жаңбыр» биін билеп берсін.

**Жаңбыр:** Балалар мен сіздермен «Күн мен Жаңбыр» деген ойын ойнағым келіп тұр.

**Ойын:** «Күн мен Жаңбыр»

**Жүргізуші:** Ханшайым, Жаңбыр балалардың өнерлері сіздерге ұнады ма?!

**Жаңбыр:** Иә, балалардың бәрі өнерлі екен!

**Ғажайып сәт:** Күз ханшайымы дайындаған сыйлықты тарату (алма)

**Күз ханшайымы:** Рахмет, балалар! Өздерің өнерлі екенсіңдер. Мен сіздерге арнап сыйлықтар әкелдім (топтарында таратылады). Мені басқа да балалар күтіп отырған болар, енді мен қайтайын. Сау болыңдар!

**Жаңбыр:** Ия балалар меніңде сіздермен қоштасуым керек. Сіздер өте өнерлі екенсіңдер, рахмет!

**Жүргізуші:**

Алтын күздің бізге арнап әкелген жемістерінен дәм тататын уақыт болған сияқты.

Құстар қайтты ән салып,

Бұлт торлады аспанды,

Қыс келеді жар салып.

Күзгі суық басталды.

Осымен «Берекелі күз, мерекелі күз» атты мерекелік кешіміз аяқталды.

Көңіл бөліп тыңдағандарыңызға көп-көп рахмет. Қош сау болыңыздар!!



"Берекелі күз, мерекелі күз!" атты  
"Еркетай" кіші тобының ертеңгілігі





"Берекелі күз, мерекелі күз!" атты "Еркетай" кіші тобының ертеңгілігі



"Берекелі күз, мерекелі күз!" атты "Еркетай" кіші тобының ертеңгілігі

